

Қызылорда облысында есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін сумен жабдықтау жөніндегі коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 13 шілдедегі № 532 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 тамызда № 5578 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 13 шілдедегі № 835 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 13.07.2017 № 835 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Аудандар аймағында тұратын есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін сумен жабдықтау жөніндегі коммуналдық қызметтерді тұтыну нормалары;

2) Қызылорда қаласы аймағында тұратын есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін сумен жабдықтау жөніндегі коммуналдық қызметтерді тұтыну нормалары бекітілсін.

2. "Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.Ж. Сүлейменовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы "13" шілдедегі
№ 532 қаулысымен бекітілген

Аудандар аймағында тұратын есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін сумен жабдықтау жөніндегі коммуналдық қызметтерді тұтыну нормалары

№	Тұтыну сипаты	Өлшем бірлігі	Тәулікке тұтынатын су нормасы (литр)

1.	Көшедегі су тарату колонкаларынан суды алу	1 тұрғын тәулігіне	50,0
2.	Су құбыры бар, бірақ, кәрізі жоқ тұрғын үйлер	1 тұрғын тәулігіне	120,0
3.	Суару шығындары		
3.1.	көкөніс дақылдары	1 шаршы метр тәулігіне	10,0
3.2.	жеміс ағаштары	1 шаршы метр тәулігіне	15,0
4.	Ірі қара мал, жылқылар, түйелер	1 бас тәулігіне	70,0
5.	Қойлар, ешкілер	1 бас тәулігіне	12,0
6.	Шошқалар	1 бас тәулігіне	25,0
7.	Аналық шошқалар, торайларымен	1 бас тәулігіне	60,0
8.	Тауықтар, күрке тауықтар	1 бас тәулігіне	1,5
9.	Үйректер, қаздар	1 бас тәулігіне	2,0
10.	Қояндар	1 бас тәулігіне	3,0
11.	Гараждар		
11.1	жеке тұлғаларға қарасты жеңіл автокөліктер	1 автокөлік тәулігіне	50,0
11.2	осындай, гараждарында автожуу бар болғанда	1 автокөлік тәулігіне	200,0
11.3	мотоцикл	1 автокөлік тәулігіне	15,0

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы "13" шілде № 532
қаулысымен
бекітілген

Қызылорда қаласы аймағында тұратын есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін сумен жабдықтау жөніндегі коммуналдық қызметтерді тұтыну нормалары

№	Тұтыну сипаты	Өлшем бірлігі	Тәулікке тұтынатын су нормасы (литр)
1.	Көшедегі су тарату колонкаларынан суды алу	1 тұрғын тәулігіне	40
2.	Су құбыры бар, бірақ, кәрізі жоқ тұрғын үйлер	1 тұрғын тәулігіне	100
3.	Су құбыры және кәрізі бар, ванналары жоқ тұрғын үйлер	1 тұрғын тәулігіне	120
4.	Орталықтандырылған су және кәріз жүйесімен, ванна және душпен жабдықталған тұрғын үйлер (көпқабатты құрылыстар)	1 тұрғын тәулігіне	200
5.	Орталықтандырылған суық және ыстық сумен және кәріз жүйесімен бірге, ваннамен және душпен жабдықталған тұрғын үйлер (көпқабатты құрылыстар)	1 тұрғын тәулігіне	260

6.	Моншалар		
6.1.	отырғыштарда шылапшынмен сабынданып, жуыну және душта шайыну	1 келушіге тәулігіне	180
6.2.	осындай, сауықтыру амалдарын қолдану және душта шайыну	1 келушіге тәулігіне	290
7.	Суару шығындары		
7.1.	көкөніс дақылдары	1 шаршы метр тәулігіне	10
7.2.	жеміс ағаштары	1 шаршы метр тәулігіне	15
8.	Ірі қара мал, жылқылар, түйелер	1 бас тәулігіне	90
9.	Қойлар, ешкілер	1 бас тәулігіне	12
10.	Шошқалар	1 бас тәулігіне	25
11.	Аналық шошқалар торайларымен	1 бас тәулігіне	60
12.	Тауықтар, күрке тауықтар	1 бас тәулігіне	1,5
13.	Үйректер, қаздар	1 бас тәулігіне	2,0
14.	Қояндар	1 бас тәулігіне	3,0
15.	Гараждар		
15.1	жеңіл автокөліктер	1 автокөлік тәулігіне	50,0
15.2	осындай, гаражында автожуу бар болғанда	1 автокөлік тәулігіне	200,0
15.3	мотоцикл	1 автокөлік тәулігіне	15,0